




7-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ  
АШЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ

# ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 1-БӨЛІМ

Авторлық құқықтың ұзақтығы





Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқықтың ұзақтығы

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

Авторлық құқықпен қорғалған туындыларға берілетін қорғалу мерзімінің оңтайлылығы туралы саясаткерлер, заң органдары, соттар және комментаторлар көптен бері талқылап келеді. Мысалы, әдеби меншікке қатысты XVIII ғасырдағы пікірталастарда ортақ құқықтағы әдеби меншікті қорғау құқығы тұрақты болуы керек пе, жоқ па деген сұрақ негізгі мәселе болды. Сол сияқты, осы сынды пікірталастар авторлық құқық тарихында көптеген өзге жағдайларда да орын алып отырды. Аталған пікірталастар белгілі бір, қарастырылып отырған нақты жағдайларға қатысты орын алып отырса да, оларға ортақ бір нәрсе - бұл істерде немесе пікірталастарда құқық иелерінің жеке мүдделері мен шығармашылық туындыларға деген көпшіліктің қолжетімділігін қамтамасыз ету мүдделерінің арасындағы тепе-теңдікті немесе теңгерімді сақтауға тырысушылық болды. Яғни қарастырылған жағдайларда, авторлық құқық туралы заңда қатар тұратын түрлі мүдделерді үйлестіруге және теңгеруге күш салынды. Аталмыш пікірталастарға ортақ тағы бір белгі - қорғалу мерзімінің ұзақтығы жайлы мәселе көтерілген әр жағдай сайын, оның ұзақтығы қысқарған жоқ, ұзарып отырды. Мысалы, 1710 жылғы Анна Статутын бойынша, кітаптар жарияланған күннен бастап 14 жылға, ал егер ол мерзім біткен кезде автордың көзі тірі болса, тағы 14 жылға қорғалды. 1814 жылы бұл мерзім 28 жылға ұзартылды немесе автор өмірінің ұзақтығымен өлшенді. Үлкен пікірталастардан соң, 1842 жылғы Авторлық құқық туралы заң, кітапқа деген авторлық құқық мерзімін 42 жылға дейін немесе автор өмірі және оған қоса 7 жылға ұзартты. 1911 жылы аталған мерзім автор өмірі және оған қоса 50 жыл деп ұзартылды. 1996 жылы қабылданған Мерзім туралы ЕО директивасы бойынша, «авторлық туындылардың» (кинематографиялық туындыларды қоса алғанда) қорғалуы автор өмірі және одан кейін 70 жылға ұзартылды. Сонымен бірге, 2011 жылы, дыбыс жазбаларының қорғалу мерзімі 50 жылдан 70 жылға ұзартылды.

Бұл әртүрлі туындылар категориясына қарай, әртүрлі мүдделер мен саяси мәселелердің көтерілуімен байланысты. Қорғалудың мерзімін есептеу де қарастырылатын туындының типіне қарай әртүрлі. Әдеби, драмалық және көркем өнер туындыларына қатысты авторлық құқықпен қорғалу мерзімі автордың өмір бойына және ол дүниеден өткеннен соң есептелетін белгілі бір уақытқа (қазіргі кезде 70 жылға) дейін жалғасады (дүниеден өткен соң). Кәсіпкерлік туындыларға және авторлық жұмыстардың белгілі бір түрлеріне қатысты (мысалы, иесі белгісіз туындылар), қорғалу туынды немесе жұмыс жасалған, жарияланған немесе көпшілікке таратылған уақыттан бастап белгілі бір анықталған мерзімге созылады. Мерзім оқиға нақты орын алған жылдың соңынан бастап есептеледі.

Екіншіден, авторлық құқықтың мерзімі туралы мәселе толығымен үйлестірілген. Мерзім туралы ЕО директивасына сәйкес, әдеби, драмалық, музыкалық және көркем өнер туындыларының қорғалу мерзімі Біріккен Корольдіктерде автордың өмір бойына және оған қоса 70 жылға деп белгіленген. Фильмдердің де қорғалу мерзімі Директиваның нәтижесінде өзгертілді. 1988 жылы қабылданған Авторлық құқық, дизайн және патенттер туралы заңда (CDPA 1988) фильмдердің кәсіпкерлік туындылар деп танылуына байланысты, оларға белгіленген қорғалу мерзімі бекітілген. Үйлестіру нәтижесінде, авторлық жұмыстар ретіндегі «кинематографиялық туындыларға» да, фильмдегі «фиксациялар» ретіндегі «аралас құқықтарға» да қорғау талап етіледі. Ұлыбританияның заңнамалық органы Директиваның түп-негізінде жатқан қисынды әлі толығымен қабылдамаған сыңайлы. 1988 жылы қабылданған Заңның 5-бөліміндегі «фильмдердің» (яғни фиксациялардың) мерзімі бас режиссердің, сценарий авторының, диалог авторының және туындыда қолдану үшін арнайы шығарылған музыканың композиторының өмір ұзақтығымен байланыстыру үшін өзгертілді. Трансляциялардың қорғалу мерзіміне қатысты еш өзгеріс жасалмады және типографиялық әрлеу құқықтарына қатысты еш үйлестіру жүргізілмеді.

Мерзім туралы директиваны жүзеге асыруда, мүше-мемлекеттер жаңа шарттарды, кем дегенде бір мүше-мемлекетте 1995 жылдың 1-шілдесінен бастап қорғалған барлық туындылар түрлеріне және нысандарға қолдануы талап етілді. Нәтижесінде белгілі болғандай, бұдан, көптеген туындыларға деген авторлық құқықтар одан сайын ұзарып қана қойған жоқ, сонымен қатар, мерзімі біткен кейбір туындылардың авторлық құқықпен қорғалуын қайта қалпына келтіруге тура келді. Мысалы, 1944 жылы дүниеден өткен британдық автордың алғаш рет Ұлыбританияда жарияланған жұмысына деген, Ұлыбритания заңына сәйкес авторлық құқық, 1995 жылдың 1-қаңтарында күшін жою еді, алайда 1996 жылдың 1-қаңтарынан бастап, ол қайта қорғалатын болар еді, себебі ол (ендігісін өмір ойы және оған қоса 70 жыл қорғалу деген мерзім күшіне еніп қойған) Германияда 1995 жылдың 1-шілдесінде қорғалып тұрған. Директива, сонымен бірге, мүше-мемлекеттерді реформа жасау кезінде « атап айтқанда үшінші тараптардың иелігіндегі құқықтарды қорғау мақсатында тиісті ережелерді қабылдауға» міндеттейді. 1995 жылдың 1-шілдесіне дейінгі, авторлық құқықтардың мерзімі аяқталған кездегі келісімдер негізінде жүзеге асқан іс-әрекеттер туындының қайта қалпына келтірілген авторлық құқықтарды бұзушы ретінде қарастырылмайды. Бастапқыда, қайта қалпына



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқықтың ұзақтығы

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

келтірілген авторлық құқықтар «авторлық құқық иесінің лицензиялауымен, Авторлық құқық жөніндегі Трибуналда келісілген немесе онда көрсетілген келісімді орындамау жағдайында, кисынды роялти немесе өзге сыйақы түрін төлеу нысаны» ретінде ғана қарастырылды.

Көптеген туындыларға берілген қорғалу мерзімінің ұзартумен қатар, 1996 жылдың 1-қаңтарынан бастап, Мерзім туралы директива Еуропалық экономикалық аумақтан (ЕЭА) тыс жерде пайда болған туындылардың қорғалу мерзімін есептеуге де өзгеріс енгізді. Директиваны енгізбес бұрын, британдық заңнама Біріккен Корольдіктердің аумағынан тыс жарияланған туындыларға да өз аумағында жарияланған туындылардай қорғау дегейін қамтамасыз ететін. Алайда, бұл принцип, Мерзім туралы директиваға байланысты өзгеріске ұшырады. Директива бойынша, қорғау мерзімі тек ЕЭА-да шыққан туындыларға ғана ұзартылуы талап етіледі. ЕЭА-ға қатысы жоқ, яғни ЕЭА-дан шықпаған немесе авторы ЕЭА-дан емес туындыларға берілетін қорғау мерзімі, туындының өзі шыққан елінде берілген қорғау мерзімімен бірдей болып қалады. Осылайша, Мерзімдер туралы директива ұлттық режимдерге емес, «мерзімдерді салыстыру» ұғымына негізделген. Демек, егер туынды алғаш рет Канадада жарық көрссе және автор ЕЭА мемлекеттерінің бірінің азаматы болмаса, онда ол туынды Еуропада, автор дүниеден өткеннен соң тек 50 жылға ғана авторлық құқықпен қорғалады (себебі, Канаданың авторлық құқық туралы заңында көрсетілген мерзім ұзақтығы солай).

Дегенмен, «мерзімдерді салыстыру» ережесін Біріккен Корольдіктерде енгізу, Директиваның бастапқы мақсатынан да тереңірек дүниелерді қамтуы мүмкін екендігі байқалды. Бұл 13A(4), 13B(7) және 14(3) бөлімдері сияқты, 12(6) бөлімі де, авторлық құқықпен қорғалу мерзімінің ұзақтығына шыққан елде белгіленген «тиесілі құқық» деп сілтеме жасалуымен байланысты. Демек, нақты интерпретация үшін тек туындының жарияланған елінде белгіленген қорғалу ұзақтығына сілтеме ғана емес, сонымен бірге аталған елде авторлық құқықтың бар-жоқтығын да анықтау қрек болады: егер туынды шыққан елде авторлық құқық туралы заң болмаса, туындының кез-келген мерзімге болса да қорғалуға «құқығы бар» екенін айту қиын. Нәтижесінде, жарияланған елінде қорғалмаған туындыға авторлық құқық берілуден бас тартылуы мүмкін, мысалы, олар сол елдің заңдарында қарастырылатын нысандарының аясынан тыс немесе түпнұсқалық шектеріне жауап бермеуі себепті болуы мүмкін. Керісінше, Директивада былай делінген: «туындының қорғалу мерзімі туынды жарияланған елде берілген авторлық құқық мерзімінің аяқталу датасында бітеді». «Мерзімнің аяқталуы» терминінің қолданылуы, ереженің туындының өмір сүру жағдайларына бағытталмағанын білдіреді. Бұған қатысты қолайлы көзқарас, 12(6) бөлімінің тек мерзімнің аяқталуына байланысты ғана оқылу тиістігі; туынды шыққан елінде қорғалмаған, бірақ туындының өмір сүруіне қойылатын британдық талаптарға сәйкес болған жағдайларда, бұл бөлім, туындыны британ заңнамасына сәйкес қорғайды және оның қорғалу мерзімі туындының шыққан елінде осы тектес туындыларға берілетін қорғау мерзімімен бірдей ұзақтықта болады деп түсінілуі тиіс.

Соңғы өзгерістер, оның алдындағы кезеңде жазба индустриясы мен әсіресе, рок-н-ролл және ертеректегі поп-музыканың шарықтап тұрған 1950-і және 1960-шы жылдардағы материалдардың авторлық құқықпен қорғалу мерзімінің бітуі жақындап қалғанына қатты алаңдаған орындаушылардың өзара сабақтас мүдделерін көздеген тұрақты лобби көрсетуінен соң енгізілді. Егер сэр Клифф Ричард (немесе француз әншісі Джонни Халлидей) сынды орындаушылар көздері тірісінде өз жазбаларынан табыс тауып тұрмаса әділетсіздік болады деп айтылды. Мұндай кеңейтілуге қатысты Гоуерс Комитеті<sup>24</sup> мен ғалымдардың<sup>25</sup> тарапынан болған, авторлық құқықпен қорғалу мерзімінің ұзартылуы тұтынушылардың қалтасынан шығатын шығынды (және «қажетсіз шығындарды» көбейту арқылы олардың әлеуетін төмендететін)<sup>26</sup> ұлғайтатынын баса көрсетіп айтқан қарсы пікірлерге қарамастан, Еуропалық заңнамалық орган, дыбыс жазбалары мен орындаушыларына деген қорғалу мерзімін 50 жылдан 70 жылға ұзартуды дұрыс деп тапты.

15 Duration Regs, regs 23, 24. Regulation 24 күші жойылды (6 April 2017 бастап) оның орнына қабылданды: Copyright (Amendment) Regulations 2016 (SI 2016/2010) өйткені ол қарама-қайшы болды: ECJ rulings. Өзгеріс мына істе қаралды: Butterfly Music Srl v. Carosello Edizioni Musicali e Discografiche Srl, Case C-60/98 [1999] ECR I-3939 and Flos SpA v. Semeraro Casa e Famiglia, Case C-168/09 [2011] ECR I-181 (ECJ), [53]–[56], Атап айтқанда, өтпелі ережелер, әдетте, «бұрынғы ережелерге сәйкес туындаған жағдайлардың салдарларына жаңа ережелерді қолдануға» кедергі болмауы тиіс; олар уақытша болуы керек және «жаңа ережелерді қолдануды ұзақ уақытқа тоқтата тұру ерекшелігі болмауы тиіс». Алдыңғы басылымдарда аталып өткенге сәйкес, барлық қалпына келтірілген авторлық құқықтар мінетті түрде лицензиялануы керек деген ереже аталған ережелерге қарама-қайшы болды.

Осы тарауда келтірілген айрықша жағдайлардан өзге жағдайда, әдеби, драмалық, музыкалық және көркем өнер туындыларына деген авторлық құқық, автор дүниеден өткеннен кейін 70 жылдан соң бітеді. Демек,



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқықтың ұзақтығы

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

егер кітап авторы 1990-жылы дүниеден өтсе, кітапқа деген авторлық құқық 2060-жылдың соңында бітеді. Жалпы алғанда, егер әдеби, драмалық, музыкалық және көркем өнер туындысы бірнеше авторлардың жұмысы болса, онда автор қайтыс болғаннан кейін есептелетін 70 жылдық мерзім дүниеден ең соңғы болып өткен автордың қайтқан датасынан бастап саналады. Бірақ «әндер» жағдайында басқа арнайы ережелер қарастырылған (2011 жылы қабылданған Директиваға сәйкес). Әдеби және музыкалық туынды ынтымақтастықтың нәтижесінде «ортақ қолдану мақсатында» дүниеге келсе, ол тең авторлық туынды деп танылады. (Заңдағы анықтамасы біріккен авторлықтан өзгеше). Авторлық құқық мерзіміне қатысты, тең авторлықпен жазылған әндердің қорғалу ұзақтығы бірлескен авторлықпен жасалған туындылармен бірдей, яғни ең ұзақ өмір сүрген автордың қайтыс болған күнінен 70 жылға созылады. Сондықтан, South Pacific ән жинағындағыдай, Хаммерштейннің мәтіні 2030 жылдан кейін де (Оскар Хаммерштейн II қайтыс болғаннан кейінгі 70 жыл) 2049 жылға дейін қорғала береді, яғни музыка композиторы Ричард Роджерстің қайтыс болған күннен 70 жыл бойы қорғалады.

Әдеби, драмалық, музыкалық және көркем өнер туындыларының қорғалу мерзімі автордың өмір бойына және ол қайтыс болғаннан соң 70 жылға жалғасады деген жалпы ережеден тыс бірқатар жағдайлар бар.

Егер әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркем өнер туындылары компьютерде жасалса, оның қорғалу мерзімінің ұзақтығы, жұмыс жасалған жылдың аяғынан бастап есептегенде 50 жыл.

Әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркем өнер туындысына деген тәж авторлық құқығы, жұмыс жасалған жылдан бастап 125 жылға қорғалады. Егер туынды жасалған жылдан кейінгі 75 жылдың ішінде коммерциялық мақсатта жарияланған болса, онда туынды коммерцилық мақсатта жарияланған жылдан бастап 50 жыл қорғалады.

Парламенттік авторлық құқықтар туынды жасалған жылдан бастап 50 жыл қорғалады. Егер халықаралық ұйымдар туындының бірінші иегері болса, онда оған деген авторлық құқықтар да 50 жылға қорғалады.

Осы уақытқа дейін, өндірісте шығарылатын заттардың дизайндарында қолданылатын көркем өнер туындыларына деген авторлық құқықтар, сол заттар заңды түрде нарыққа шығарылған жылдан бастап 25 жылға қорғалатын. Аталған мерзім (1988 жылғы Авторлық құқықтар, дизайндар және патенттер заңының, 52-бөлімі), 2013 жылы қабылданған, 2016 жылдың 28-шілдесінде күшіне енген Кәсіпкерлік және құқықтық-нормативтік реформа туралы заңымен (EER 2013) алынып тасталды. Заңның алынып тасталуы, ЕЭА кез-келген мүше-мемлекеттерінде 1995 жылдың 1-шілдесінде қорғалып тұрған барлық туындылардың қорғалу мерзімдерін толығымен қайта қалпына келтіру мақсатында жүзеге асты. Күрделі ауыспалы ережелердің негізінде, 2015 жылдың 28-қазанына дейін жасалған көшірмелерді 2017-жылдың 28-қаңтарына дейін сатуға мүмкіндік берілді.

Алдында байқағанымыздай, белгілі бір жағдайларда нақты бір туындының авторын анықтау мүмкін болмайтын кездер болады. Авторы белгісіз туындының қорғалу мерзімін білу үшін керек оның авторының қайтыс болған жылы белгісіз болғандықтан, авторлық құқық туралы заң оның қорғалу мерзімін есептеудің өзге триггерлерін пайдаланады. Мұндай жағдайларда, 1988 жылы қабылданған заң бойынша, авторы белгісіз әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркем өнер туындыларына деген авторлық құқықпен қорғалу мерзімі туынды жасалған немесе туынды көпшілікке қолжетімді етілген жағдайда сол жылдан бастап 70 жылға беріледі. 38 Егер 70 жыл мерзім ішінде авторы анықталса және автордың көзі тірі болса, онда қорғалу мерзімі автордың өмір бойына және қайтыс болғаннан соң 70 жыл мерзімге ұзартылады.

1911 жылы қабылданған Авторлық құқық туралы заңның 17-бөлімі бойынша, жарияланбаған әдеби, драмалық, музыкалық туындылар мен гравюраларға, олар жарыққа шыққан күннен бастап 50 жыл мерзім қорғалады. Бұл, туынды жарияланбаса, оның авторлық құқықпен қорғалу мерзімі шексіз болады дегенді білдіреді. 1988 жылғы Заң, автор өлімінен кейін де жарияланбаған және 1989 жылдың 1-тамызына дейін сол күйі қалған туындылардың авторлық құқықпен қорғалу мерзімі белгіленген 50 жылға созылады, яғни 1990 жылдың 1-қаңтарынан бастап, 2039 жылдың 31-желтоқсанына дейін деп, бұл мүмкіндікті алып тастады. Қазіргі кезде, миснистрде жарияланбаған жұмыстардың қорғалу мерзімін қысқарту өкілеттігі бар.

«Фильмдер» кәсіпкерлік туынды деп анықталған, 1956 жылы қабылданған Авторлық құқық туралы заңға және 1988 жылы қабылданған АҚДП заңына (қабылданған қалпында) сәйкес, олардың қорғалу мерзімі, туынды жарыққа шыққан жылдан бастап 50 жыл деп анықталған. Мерзім туралы директива, фильмінің алғашқы жазбасының 50 жыл қорғалуын да және де бас режиссері, сценарий авторы, диалог авторы, кинематографиялық немесе аудиовизуалды туындыға арнайы шығарылған музыканың композиторы сияқты тұлғалардың төрт категориясының соңғысының қайтыс болғанынан кейін 70 жыл мерзімге қорғалатын «кинематографиялық немесе аудиовизуалдық туындының» мерзімін де мойындауды талап



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқықтың ұзақтығы

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

етеді. Үйлестіруді енгізу барысында Ұлыбританияда аталған айырмашылықтар дұрыс бағамдалмады, оның орнына «фильмнің» авторлық құқығын, 5В бөліміне сәйкес, аталған төрт тұлғаның қайтыс болғанынан кейін 70 жыл мерзімге ұзартты. Егер аталған төрт тұлғаның жеке бас мәліметтері анық болмаса қорғалу мерзімі фильм түсірілген жылдан бастап 70 жылға беріледі. Бұл альтернатива ретінде, аталған мерзім ішінде фильм көпшілікке қолжетімді етілсе, қорғалу құқығы фильм қолжетімді етілген жылдан бастап 70 жылға созылады.<sup>46</sup> Аталып өткен авторлық құқықтардың мерзімінің қашан ақталатынына байланысты туындайтын шиеленістерді алдын-ала болжай отырып, 1995 жылы қабылданған Орындаушылықтың авторлық құқықпен қорғалуы мен құқықтарының ұзақтығы жөніндегі регламентациялар 1988 жылы қабылданған Заңға жаңа ережеден тыс жағдайлар туралы өзгерістер енгізді. Ол бойынша, авторлық құқықпен қорғалудың мерзімі бітер кезде фильмді көшіріп алуға мүмкіндік туады.

Аталған өзгеріс енгізілуге тырысқаннан соң, Апелляциялық сот, кинематографиялық туындылар фильмдердің фиксация түріндегі авторлық құқықпен қорғалып қана қоймай, сонымен бірге драмалық туындылар ретінде де қорғалатынын мойындады. Бұл шешім британдық заңның халықаралық және аймақтық міндеттемелерді орындауымен сәйкес болғанымен, сонымен бірге Мерзім туралы директиваны жүзеге асыру барысындағы британдық ерекшелікті баса көрсетті. Өйткені, кинематографиялық жұмыстың драмалық туынды ретінде қарастырылуы кезіндегі авторлық құқық ұғымы «автор» өміріне сілтеме арқылы анықталады деп қалдырылған. Британдық заңнама бойынша, оған режиссер және фильм сценарийінің авторлары кіреді (фильм түсірер алдында олардың болмауымен байланысты) және бұл қатарға кинематографиялық жұмыстың редакторлары немесе режиссері де кіруі мүмкін, бірақ музыка композиторы авторлар қатарына кіруі екіталай.

Кәсіпкерлік туындылардың авторлары адамдар болуы міндет емес екендігін ескере отырып, олардың қорғалу мерзімдері түрлі триггерлерді қолдану арқылы есептеледі.

Дыбыс жазбаларының авторлық құқықпен қорғалу мерзімі, жазба жасалған жылдан бастап 50 жылға беріледі. Егер аталған мерзім ішінде дыбыс жазбасы жарияланған болса, онда қорғалу мерзімі жарияланған уақыттан бастап 70 жылға беріледі. Егер жазба жасалғаннан бастап 70 жыл ішінде жарияланбаса, бірақ көпшілік алдында ойнатылу арқылы қолжетімді етілсе немесе көпшілікке таратылса, онда ол таратылған немесе көпшілік алдында ойналған жылдан бастап 70 жылға қорғалады. Осылайша, егер дыбыс жазбасы 1964 жылы жасалған болса (мысалы, «Битлздің» жарияланбаған жазбалары), бірақ 2013 жылы алғаш рет жарияланса, онда авторлық құқықпен қорғалу мерзімі 2083 жылдың соңына дейін жадлғасады. Сонда, барлығын қосқанда 119 жыл қорғалады.

Алайда, дыбыс жазбаларының қорғалуы, өте маңызды, әрі концептуалдық тұрғыдан инновативті біліктілікке тәуелді. Жарияланғаннан бастап 50 жыл өткен соң (егер жазба жарияланбаса, онда көпшілікке таратылғаннан бастап), дыбыс жазбасына деген авторлық құқықтарды, егер ол дыбыс жазбасы қолданылмаса, сол туындыны орындаған, әрі орындаушылығы дыбыс жазбасына басылған орындаушы анықтай алады. Бұл «қолдан немесе қол үз» деген ережеге қатысты қолданысқа енген.<sup>55</sup> Аталған әрекеттің нәтижесінде, фонограммаға деген авторлық құқықтың мерзімі бітеді, ал орындаушыларға дыбыс жазбасына басылған орындаушылықтың фиксациясына деген құқықтар қалдырылады. Бұл қаншалықты ерекше құрал болса да, одан шығатын практикалық нәтижелер мардымсыз болатын сынды. Бұл, орындаушының іс-әрекетті тоқтату шарттарының қатаң түрде шектелген болуымен байланысты. Атап айтқанда, егер жазба интернет арқылы қолжетімді болса, онда тоқтату құқығы жүзеге аспайды.

Трансляциялардың қорғалу мерзімі, ол алғаш жасалған уақыттан бастап 50 жылға беріледі. Егер трансляция авторы ЕЭА мемлекеттерінен болмаса, онда трансляция авторы азаматы болып табылатын елдегі трансляцияларға берілетін авторлық құқықпен қорғалу мерзімімен анықталады (тек қорғалу мерзімі 50 жылдан аспауы керек деген шартпен мойындалады).

Жарияланған басылымдардың типографиялық әрлеулеріне деген авторлық құқық, ол алғаш рет жарияланған күннен бастап 25 жылға беріледі. Бұл құқықты, баспагерге, бұрын жарияланбаған жұмысқа берілген, әрі мерзімі аяқталған, жариялау құқығынан айырып қарастыру қажет. Ол авторлық құқық та жарияланған уақыттан бастап 25 жылға беріледі.

Біріккен Корольдіктерде қолсұқпаушылық пен атрибуция моральдық құқықтары авторлық құқықпен бірдей уақытқа беріледі. Жалған атрибуцияға деген қарсылық білдіру құқығы азырақ уақытқа беріледі. Ол автор қайтыс болғаннан кейін тек 20 жылға ғана беріледі. Кейбір елдерде моральдық құқықтар шексіз уақытқа беріледі. Мерзім туралы директивада моральдық құқықтардың мерзімін үйлестіруге қатты мән берілмеді және ол ешқандай зиян келтірмейді делінді.

Мерзім туралы директиваның 4-бабын жүзеге асыру мақсатында, Біріккен Корольдіктерде авторлық



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 1-бөлім

Дәріс: Авторлық құқықтың ұзақтығы

Дәріс авторы: Айгерім Құсайынқызы

құқыққа балама жаңа меншік құқығы енгізілді. Ол «жариялау құқығы» деп аталады.<sup>65</sup> Аталған құқық авторлық құқықпен қорғалу мерзімі аяқталған, бұрын жарияланбаған әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркем өнер туындылары мен фильмдерді алғаш рет жариялаған кез-келген тұлғаға ешқандай ресми іс-әрекеттерсіз беріледі. Бұл жаңа құқық туынды алғаш рет жарияланған жылдың аяғынан бастап 25 жылға беріледі.

Аталмыш құқыққа ие болу үшін, жариялаушы «қоғам игілігіндегі» әдеби, драмалық, музыкалық немесе көркем өнер туындыларын немесе фильмді алғаш рет жарыққа шығаруы тиіс. Құқыққа ие болу үшін, туынды бұрын жарияланбаған болуы тиіс. Осы контекстте «жариялаудың» айрықша мағынасы бар екенін айта кету керек. Туындының бұрын-соңды жарияланбағанын анықтау барысында, авторлық құқық мерзімі аяқталған кезде жасалған кез-келген заңсыз іс-әрекеттер есепке алынбайды. «Заңсыз іс-әрекет» дегеніміз туынды жазылған немесе сақталған заттай тасымалдаушысының иегерінің келісімінсіз жасалған іс-әрекет.

Авторлық құқық мерзімі аяқталған жағдайларда жариялауға деген құқықтың қолжетімділігін шектеудің тағы бір нәтижесі - ешқашан авторлық құқықпен қорғалмаған туындыларды да шектетуі мүмкін. 1911 жылы қабылданған Авторлық құқық туралы заңның бекітуімен, жарияланбаған туындылардың барлығы дерлік қорғалумен қамтамасыз етілгендіктен, мәселені, туынды бұрын-соңды авторлық құқықпен қорғалды ма дегенді анықтау арқылы шиеленістірмей шешуге болатын еді (көркем өнер туындыларына қатысты да мәселелердің бар екеніне қарамастан). Осыған сүйенсек, 1855 жылға дейін қайтыс болған өнер иесінің 1862 жылға дейін жасаған, жарияланбаған картина, сурет және фотографиялары заңмен бекітілген авторлық құқықпен қорғалмаған сыңайлы, сол сияқты 1862 жылдың 1-шілдесіне дейін жасалған скульптуралар да авторлық құқықпен қорғалмайтын сынды.

Қазіргі кезеңде авторлық құқықпен қорғалудың оптималды мерзімі туралы талқыланатын әдебиет мол. Аргументтер, негізінен, авторлық құқықтың табиғаты мен оның мақсаттарына қатысты бөлінеді. Пікірталастырушыларды, жалпы алғанда, авторлық құқықтарды «табиғи құқықтар» тұрғысынан қарастыратындар және оны белгілі бір саяси мақсаттарға қол жеткізу «инструменті» деп қарастыратындар деп екіге бөлуге болады.

Авторлық құқықты мемлекеттік саясатты жүзеге асыратын заңдық құрал (инструмент) ретінде қарастыратындар үшін авторлық құқықпен қорғалудың оптималды мерзімі бірқатар мәселелерге байланысты делінеді. Біріншіден, бұл мәселенің ең бірінші сұрағы: авторлық құқық шығармашылық үшін түрткі ме (немесе шығармашылыққа инвестиция салу үшін), яғни ол осы мақсаттарға жетуге қажет құрал ретінде ғана қабылдана ала ма? Мұндай көзқарас, авторлық құқықпен қорғалудың мерзімін, патент туралы заңмен берілетін мерзімдей, қысқа күйінде қарастыруы мүмкін және ол мерзім авторлық құқықпен қорғалудың қазіргі кездегі мерзімінен әлдеқайда қысқа болатыны белгілі. Немесе, альтернатива ретінде, зияткерлік тауарларға деген жекеменшік құқығы, сол тауарларды оптималды түрде қолдануға мүмкіндік жасай ма және «қоғам игілігіне беру» тек аталған тауарлардың құны тым төмен болғанда ғана орын алуы қажет пе, өйткені оларға қатысты жасалатын операциялардың құны сол тауарларды оптималды түрде қолдануға кедергі болады ма? Мұндай көзқарас авторлық құқықпен мерзімсіз қорғалу жүйесін қолдауы мүмкін және ол жағдайда, операциялық шығындарды ең төменгі деңгейде жеткізу үшін тіркелу<sup>78</sup> немесе міндетті түрде лицензиялану талап етілуі мүмкін.

Бір зерттеуінде, автор, 1913 және 1922 жылдары жарияланған (Америка Құрама Штаттарында 1988 жылдан 1998 жылға дейінгі аралықта қоғам игілігіне берілген және осыған орай, 75 жыл қорғалғанын білдіретін) туындыларды 1923 жыл мен 1932 жылдар аралығында жарияланған (авторлық құқықпен 2018 жылға дейін қорғалатын) туындылармен салыстырған. Зерттеу, қоғам игілігіндегі туындылардың көп бөлігінің баспа түрінде болғанын, сонымен бірге, қоғам игілігіндегі немесе одан тыс туындылардың орташа бағасының арасында айтарлықтай айырмашылықтың болмағанын, ал ең танымал туындылардың арасында салыстырғанда, қоғам игілігіндегі басылымдардың бағасы анағұрлым төмен болғанын көрсетті.